



Ұлан айнасы



ulanainasy

Газет 1932 жылдың 20 қарашасынан бастап шығады



Ұлан айнасы

№ 33 (8507), 14 ТАМЫЗ 2026 ЖЫЛ, ЖҰМА

e-mail: elmira@mail.ru

№33(8507), 14 АВГУСТА 2026 ГОДА, ПЯТНИЦА



Құрметті спорт саласының қызметкерлері, ардагерлері !

Сіздерді Спорт күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Спорт – ұлт денсаулығын нығайтып, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, табандылық пен жігерлілікке тәрбиелейтін маңызды сала. Ауданымыздың спортын дамытуға үлес қосып жүрген әрбір азаматтың еңбегі зор.

Осы айтулы күні спорт саласының ардагерлеріне қажырлы еңбегі мен кейінгі буынға үлгі боларлық өнегесі үшін алғысымызды білдіреміз. Ал бүгінгі спортшылар мен жаттықтырушыларға биік белестер, толағай табыстар тілейміз!

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге береке, спортта жеңіс пен толағай жетістіктер тілейміз!

Арман БЕКБОСЫНОВ

Ұлан ауданының әкімі

Гүлмайра КАЛИЕВА

Ұлан аудандық мәслихат төрағасы

Уважаемые работники и ветераны сферы спорта!

От всей души поздравляем вас с Днём спорта!

Спорт – важная составляющая жизни общества, способствующая укреплению здоровья нации, воспитанию подрастающего поколения в духе патриотизма, целеустремлённости и силы духа. Велика заслуга каждого, кто вносит свой вклад в развитие спорта нашего района.

В этот знаменательный день выражаем искреннюю благодарность ветеранам спорта за многолетний самоотверженный труд, весомый вклад в развитие спортивного движения и достойный пример для подрастающего поколения. Нынешним спортсменам и тренерам желаем новых высот, ярких побед и больших достижений!

Желаем всем крепкого здоровья, семейного благополучия, успехов в труде, новых спортивных побед и неизменного стремления к высоким результатам!

Арман БЕКБОСЫНОВ

аким Уланского района

Гүлмайра КАЛИЕВА

Председатель Уланского районного маслихата

• Ардагерге құрмет

Инабат АКЕТПАЕВА

Жарты ғасырға жуық ғұмырын маңдай термен, адал еңбекпен сабақтастырған еңбек ардагері, Аблакет ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Әлімқан Рақымбекұлы Оразев Қазақстан Республикасы «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің «Құрмет белгісі» төсбелгісімен марапатталды.

Бұл – ел игілігі жолында еткен еңбегі мен қоғамдық қызметі, азаматтық белсенділігі бағаланған ардагерге көрсетілген зор құрмет. Әлімқан Рақымбекұлы 1951 жылғы 22 ақпанда Қызылтас ауылында дүниеге келген. Балалық шағы еңбекпен ерте қауышып, жастайынан үлкендермен бірге тіршілікке араласқан ол өмірден өз орнын маңдай терімен табуды үйренді. Еңбекке деген жауапкершілігі мен ізденімпаздығы кейінгі бүкіл ғұмыр жолының басты ұстанымына айналды. 1966 жылы Тавриядағы СПТУ-168 училищесінде совхоз арқылы ұйымдастырылған механизаторлар даярлау курсын тәмамдап, тракторшы мамандығын алды. Көп ұзамай Красноалтай совхозында еңбек жолын бастап, түрлі жауапты жұмыстарды атқарды.

Алғашында мал емдеу изолятор пунктінде ауру малдарды күту жөніндегі бақташы болып еңбек етсе, жұмысына тиянақтылығы мен қабілетін танытқан жас маман 1968 жылы Шемонаиха қаласындағы ауыл шаруашылығы мал дәрігерлік курсына оқуға жіберілді. Білімін жетілдіруге ұмтылған Әлімқан Рақымбекұлы 1969 жылы жүргізушілер даярлайтын курсты да аяқтап, сол жылдың қазан айынан бастап мал емдеу пунктінде веттехник болып қызмет атқарды. Еңбектегі іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында 1971 жылы аталған пункттің меңгерушісі қызметіне тағайындалды.

Жастайынан қоғамдық жұмыстарға да белсене араласқан ол ауылдық кеңестің депутаты болып екі мәрте сайланды. 1973 жылы комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарып, жастармен жұмыс жүргізуге де үлес қосты. Әлімқан ағаның еңбек жолы мұнымен шектелген жоқ. Ауыл шаруашылығы саласында түрлі қызметтер атқарып, қой шаруашылығында да абыройлы еңбек етті.

Өз мамандығын терең меңгеруге ұмтылған ол Шығыс Қазақстан совхоз-техникумында сырттай білім алып, техник-механик

Еңбекпен келген абырой

мамандығын үздік дипломмен тәмамдады. Техникаға бейімділігі мен кәсіби біліктілігінің арқасында тракторшы, инженер-гидротехник, машина зауытының меңгерушісі, машина-трактор жөндеу шеберханасының меңгерушісі секілді жауапты қызметтерді атқарды.

1998-1999 жылдары шеберханада слесарь болып еңбек етсе, 1999-2000 жылдары «Ақбастау» ша-



руа қожалығында тракторист болып жұмыс істеді. Ал еңбек жолының кейінгі кезеңін ұстаздықпен сабақтастырды. 2000 жылдың қыркүйек айынан бастап А.С. Пушкин атындағы орта мектепте еңбек пәнінің мұғалімі болып, жас ұрпаққа білім мен тәрбие берді. Ұзақ жылғы қажырлы еңбектен кейін зейнеткерлікке шыққанымен, қоғам өмірінен қол үзген жоқ. Керісінше, елдің тыныс-тіршілігіне белсене араласып, қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан табылды. Қайырымдылық шараларына атсалысып, көпшіліктің көкейіндегі мәселелерді көтеріп, оның шешілуіне өз үлесін қосып келеді.

Аудандық газеттің қоғамдық тілшісі ретінде де өзекті мәселелерге үн қосып, тағылымы мол, тәрбиелік мәні бар материалдар жазып жүр. Әлімқан Рақымбекұлының азаматтық болмысының бір қыры – елмен етене араласып, көпшілікпен тіл табыса білуі. Қай қызметті атқарса да оған үлкен жауапкершілікпен қарап, өзіне жүктелген міндетті абыроймен орындауды өмірлік қағида етті.

Оның еңбек жолы – қарапайымдылық пен табандылықтың, ізденіс пен жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Бүгінде 75 жастың белесіне шыққан ардагер әлі де ел игілігі жолындағы қоғамдық жұмыстардан шет қалған емес. Жастарға ақыл-кеңесін айтып, кейінгі буынға өзінің өмірлік тәжірибесімен өнеге көрсетіп келеді. «Құрмет белгісі» төсбелгісінің табысталуы – Әлімқан Рақымбекұлының саналы ғұмырындағы еселі еңбегіне берілген лайықты баға. Еңбекпен келген абыройдың орны қашанда бөлек. Ал елге қызмет етуді өмірлік мұрат еткен азаматтың өнегелі жолы кейінгі ұрпаққа тағылым болары сөзсіз.